

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік энергетикалық қадағалау туралы
Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 8 қараша N 1489. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.26. N 1065 қаулысымен

Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы саласын басқару құрылымын қайта ұйымдастыруға байланысты және Мемлекеттік энергетикалық қадағалаудың ролін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік энергетикалық қадағалау

туралы осыған қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 мамырдағы N 362 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 16, 187-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 8 қарашадағы
N 1489 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік
энергетикалық қадағалау туралы
Ереже

1. Жалпы бөлімі

1. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік энергетикалық қадағалау (бұдан әрі - Мемэнергияқадағалау) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, олардың ведомстволық бағыныштылығына, меншік нысанына карамастан, кәсіпорындарды, мекемелер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен энергетикалық сараптау жөніндегі, әрі олардың энергия үнемдеу жөніндегі мемлекеттік саясатты дәйектілікпен жүргізуіне бақылау жөніндегі республикалық орган болып табылады және ол Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің құрамына к і р е д і .

2. Мемэнергияқадағалау өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, қолданылып жүрген халықаралық және мемлекетаралық актілерді, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бекіткен немесе онымен келісілген нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

3. Мемкентехникақадағалауға қарасты жабдықтарды немесе Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен келісілген арнайы ережелер бойынша пайдаланылатын жабдықтарды қоспағанда, электр мен жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және тұтыну жөніндегі кез-келген энергетикалық жабдық энергетикалық қадағалау мен оны сараптау объектісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

II. Негізгі міндеттері мен функциялары

4. Мемэнергияқадағалаудың негізгі міндеттері:

Энергетика кәсіпорындарының энергетика ресурстарын өз қажетіне жұмсауына, сондай-ақ технологиялық және коммерциялық ысырабына қатысты олардың өндірілуі мен тасымалдануына, тұтынушылардың электр және жылу энергиясын ұтымды пайдалануына, шығарылатын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өлшем бірлігіне энергия мен отынның жұмсалыу нормаларын белгілеуге және олардың сақталуына, электр және жылу энергиясы мен қуатын тұтынудың белгіленген режимінің сақталуына, энергияны үнемдеу жөніндегі шаралардың орындалуына, электр және жылу энергиясы тарифтерінің дұрыс қ о л д а н ы л у ы н а б а қ ы л а у ж а с а у ;

энергетика жабдықтарының, электр стансаларының және жүйелерінің үйлері мен ғимараттарының, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларының монтажына, пайдаланылуы мен техникалық

жағдайына техникалық қадағалау жасау;

Электр стансалары мен жүйелерін, техникалық пайдалану ережелерін, Тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларын техникалық пайдалану ережелерін, Электр стансалары мен жүйелерін, Тұтынушылардың электр және жылу пайдалану қондырғыларын пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін, Электр және жылу энергиясын пайдалану ережелерін және басқа да нормативтік құжаттарды іске асыруға бақылау жасау;

электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау;

электр, жылу энергиясы мен қуатын өндіру, беру, бөлу және тұтыну кезінде, сондай-ақ бастапқы отында тұтыну кезінде есептеу аспаптары жұмысының дұрыстығы мен техникалық жағдайына бақылау жасау;

қадағалауға алынған кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік энергетика сараптамасын, сараптамалық тексерулерді жүзеге асыру;

электр стансаларының, электр және жылу жүйелерінің, энергияны жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының жұмысындағы технологиялық бұзылуды тексеру мен оның есебінің жүргізілуіне бақылау жасау;

электр стансалары мен жүйелерінің энергетикалық жабдықтарын, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларын пайдалану және қауіпсіз қызмет көрсету, энергия мен энергия үнемдеу сапасы жөніндегі нормативтік және заңдылық негіздерді, ережелерді, нормаларды, стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттарды жасап, жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

5. Негізгі міндеттерге сәйкес Мемэнергияқадағалау мыналарға:

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың энергия тұтынушыларды іркіліссіз және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуін, сондай-ақ, энергия тұтынушыларды энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жүйелеріне қосу т ә р т і б і н ;

нормативтік-техникалық және ұйымдық-өкімдік құжаттаманың болуын, олардың жайы мен орындалуын;

энергетикалық жабдықтардың, электр және жылу пайдаланылатын қондырғылардың құрастырылуы мен техникалық жағдайын;

электр стансаларының, электр және жылу жүйелерінің үйлері мен ғимараттарының техникалық жағдайын;

энергетикалық жабдықтардың, электр және жылу пайдаланылатын қондырғылардың, олардың жөнделуін ұйымдастыру мен жүргізуді қосқанда, авариясыз жұмысы мен қызмет көрсетуінің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастыру шараларын дер кезінде өткізілуін;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр және жылу энергиясы сапасының белгіленген нормаларының сақтауын;

тұтынушылардың электр қондырғыларында техникалық шарттарға, белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес реактивтік қуатты өтеу деңгейінің қ а м т а м а с ы з е т і л у і н ;

жылу энергиясын тұтынушылардың сапа мен конденсат қайтарымы шамасы н о р м а л д а р ы н б е л г і л е у і н ;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың екі жақты шарттары негізінде электр және жылу энергиясы мен қуатының тұтынылуын, белгіленген тәртіппен жасалып, бекітілген қуат пен энергия жөніндегі шектеулер к е с т е л е р і н і ң о р ы н д а л у ы н ;

кәсіпорындар, ұйымдар, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс мақсатындағы және коммуналдық шаруашылық объектілері жобаларының электр және жылу техникалық бөлігінің ж а с а л у ы н ;

тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын белгілеуін, бекітуі мен сақтауын, энергия үнемдеу технологиялары мен жабдықтарының енгізілуін қайталама және дәстүрлі емес энергетикалық р е с у р с т а р д ы ң п а ы д а л а н ы л у ы н ;

электр және жылу энергиясын тұтынушылардың жұмыс істеп тұрған, қайта жаңартылған, жаңғыртылған және жаңадан қосылған электр және жылу пайдаланатын қондырғылардың энергетикалық жабдықтарының баланстық энергетикалық с ы н а қ т а р ы н ж ү р г і з у і н ;

электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және тұтыну есебінің жайы мен жетілдіруін және қазіргі тарифтерді, оларға шегерімдер мен үстемелерді қ о л д а н у д ы ң д ұ р ы с т ы ғ ы н ;

электр қуатын, энергия мен отынды тұтыну есебіне аспаптар мен автоматты ж ү й е л е р д і ж а с а п , қ о л д а н ы л у ы н ;

Энергетика өндірісі кәсіпорындарында және тұтынушыларға қызмет атқаратын энергетикалық қондырғыларында жұмыс істейтін қызметкерлерін энергетикалық қондырғыларды техникалық жағынан қорғау ережелері және пайдалану мен техника қауіпсіздігі жөніндегі басқа да нормативтік құжаттар бойынша б і л і м д е р і н і ң д е р к е з і н д е т е к с е р і л у і н ;

энергетикалық жабдықтардың, электр және жылу пайдаланылатын қондырғылардың жұмысындағы аварияны, сапасыздықты, тәртіп бұзушылықты тексерілудің ұйымдастырылуы мен сапасын, оларға есеп жүргізілуін және тексеру актілеріне сәйкес белгіленген шаралардың дер кезінде орындалуын қ а д а ғ а л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

6. Мемэнергияқадағалау өзіне жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды о р ы н д а у м а қ с а т ы н д а :

республикада, аймақта, кәсіпорында электр және жылу энергиясының өндірілуіне, тасымалдануы мен пайдаланылуына талдау жасайды;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдар кәсіпорындарына және энергия мен отынды тұтынушыларға энергетикалық сараптама (сараптық тексеру), сондай-ақ қайта жаңартылған, жаңғыртылатын және жаңадан салынатын кәсіпорындардың жобаларына өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сараптама жүргізеді;

энергия мен отын өндіру, тасымалдау және тұтыну тәртібін, энергетикалық жабдықтарды, электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларды пайдалану мен олардың қауіпсіз қызмет көрсету тәртібін реттейтін салалық және салааралық нормативтік-техникалық құжаттарының әзірленуі мен қайта қ а р а л у ы н

ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

энергия үнемдеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың дәйектілікпен жүргізілуіне, кәсіпорындардың энергия үнемдеу жөніндегі арнайы қорларының жұмсалыуына қадағалау жасайды, энергия үнемдеу жөніндегі қоғамдық қорларға көмек к ө р с е т е д і ;

электр және жылу энергиясын тұтынушылармен, халықты қосқанда, аварияның, өндірістік жарақаттың алдын алу және энергияны үнемдеу мәселелері бойынша ұйымдастыру және үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізеді;

энергия кәсіпорындары мен энергия тұтынушылардың энергетикалық қызмет орындары адамдары мен басшы қызметкерлерінің пайдалану және техника қауіпсіздігі бойынша кәсіби білімдерін тексеру жөніндегі біліктілік комиссияларының жұмысына қатысады;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың және электр мен жылу энергиясын тұтынушылардың жаңа электр және жылу қондырғыларын, электр стансаларының энергетикалық жабдықтарын, қазандықтарын, электр, жылу жүйелерін іске қосуға рұқсат береді;

Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым мен электр және жылу энергиясын тұтынушы арасындағы келіспеушіліктерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

энергетикалық жабдықтарды, электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларды пайдалануға байланысты энергетикалық жабдықтар жұмысындағы аварияларды, сапасыздық пен тәртіп бұзушылықты, адам өлімімен аяқталған топтық, ауыр және қайғылы оқиғаларды тексеруге қатысады;

энергетикалық объектілер жұмысындағы тәртіп бұзушылықты есепке алу мен айқындау мәселелері бойынша түпкілікті шешім қабылдайды;

электр қуатын, энергия мен отынды жұмсауды есептеу мен бақылаудың аспаптары мен автоматтандырылған жүйелерін жасап, қолдануды ұйымдастырады, оларды жөндеуді және Қазақстан Республикасының Мемстандартымен келісу бойынша тексеруді, сондай-ақ энергиямен

жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушы арасында даулар туа қалғанда энергия жұмсау есебінің есеп айырысу аспаптары мен жүйелерінің техникалық жағдайы туралы қорытынды беруді қамтамасыз етеді.

7. Мемэнергияқадағалау энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға және электр мен жылу энергиясын тұтынушыларға ұйымдастырушылық және техникалық көмек көрсетеді және шарттық негізде жұмыстар мен қызмет көрсетудің мынадай түрлерін орындайды:

электр және жылу энергиясының тиімді пайдаланылуын талдай отырып, кәсіпорындарды техникалық жағынан тексереді;

электр үнемдеу жөніндегі шараларды әзірлеуге техникалық көмек көрсетеді; қайталама және дәстүрлі емес энергетикалық ресурстардың шын мәнісінде және пайдалану мүмкіндігіне талдау жасайды;

жұмыс істеп тұрған энергетикалық жабдықтардың баланстық пайдалану сынақтарында және энергия үнемдеу жабдықтары мен технологияларының тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарына қатысады;

электр және жылу энергиясын тұтынуды есепке алудың жайына талдау жасайды және оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен техникалық шешімдерді әзірлейді;

энергетикалық қондырғыларға (жабдықтарға) қызмет көрсететін адамдарды оқытады және Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қызметкерлер үшін консультациялар өткізеді.

ІІІ. Құқықтары

8. Мемэнергияқадағалауға жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды орындау мақсатында энергетикалық қадағалау жөніндегі барлық деңгейдегі мемлекеттік инспекторларына мынадай құқықтар беріледі:

тәуліктің кез-келген уақытында кәсіпорындардың, ұйымдардың энергетикалық жабдықтарының, электр және жылу пайдаланылатын қондырғыларының және оларға қызмет көрсететін адамдардың жұмысын қызмет куәлігін көрсетіп кедергісіз көріп, тексере алады;

тексеру актілерін жасайды, Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кәсіпорындардың басшыларына орындалуға міндетті ұйғарымдар мен нұсқаулар бере алады;

адамдар өміріне нақ қауіп төнген жағдайда электр стансалары мен жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының жұмысын дереу тоқтату жөнінде шаралар қолданады;

тұтынушылар энергия мен қуат тұтынуды белгіленген мөлшерге немесе шарттық шамаға дейін азайту туралы талаптарды орындамаған жағдайда, оларға

электр мен жылу энергиясын беруді белгіленген тәртіппен шектейді;

Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым мен электр және жылу энергиясын тұтынушы арасында даулар туа қалған жағдайда төрелік етуші болады;

энергетикалық жабдықтарға, электр және жылу пайдаланатын қондырғыларға қызмет көрсететін адамдардың энергия қондырғыларын техникалық жағынан пайдалану ережелерін және пайдалану мен техника қауіпсіздігі жөніндегі басқа да нормативтік құжаттар бойынша кәсіби мамандығы білімдерін тексеруді дер кезінде ұйымдастырып, жүргізеді;

энергетикалық жабдықтарды, электр және жылу пайдаланатын қондырғыларды пайдалануға байланысты болған өліммен аяқталған авариялардың, топтық және ауыр қайғылы оқиғалардың болу жағдайы мен себептерін тексеруге белгіленген тәртіппен қатысады;

энергетикалық қондырғыларға қызмет көрсетуші кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлерін олар пайдалану және техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелердің, нұсқаулықтар мен басқа нормативтік құжаттардың талаптарын өрескел бұзған жағдайда Техникалық пайдалану мен техника қауіпсіздігі ережелері жөніндегі білімдерін кезектен тыс тексеру тағайындайды;

қажет болған жағдайда энергетикалық кәсіпорындардың жұмысындағы тәртіп бұзушылықты тексеру жөніндегі комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

қадағалауға алынған кәсіпорындарда электр және жылу энергиясын қуаттылығы мен отын өндіру, тасымалдау және пайдалану жөніндегі олар жасаған статистикалық және жедел есептемелерінің дұрыстығын тексереді;

қажет болған жағдайда Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша энергетикалық сараптама өткізу және қорытындылар әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу және жобалау институттары мен басқа да ұйымдардың мамандарын тартыды;

Солардың кінәсінен аварияға, бақытсыз оқиғаларға жол берілген нормативтік құжаттардың талаптарын өзге де өрескел бұзған, сондай-ақ Мемэнергияқадағалаудың ұйғарымнамаларын орындамаған адамдарды жауапкершілікке тарту туралы кәсіпорындардың, жоғары орындардың басшыларына ұсыныс жасайды немесе материалдарын прокуратураға жібереді.

ІҮ . Жауапкершілік

9. Мемэнергияқадағалаудың басшылары мен лауазымды адамдары: қадағалауға алынған кәсіпорындардың ережелер мен нормативтік құжаттар талаптарының орындалуына жасалған бақылаудың пәрменділігі мен тиімділігі

Ү ш і н ;

қабылданған шешімдер мен іс-қимылдың дұрыстылығы мен негізділігі үшін;
энергетикалық жабдықтар жұмысындағы авариялардың, сапасыздық пен тәртіп бұзушылықтың, сондай-ақ энергетикалық жабдықтарды пайдалануға байланысты топтық және ауыр қайғылы оқиғалардың жағдайлары мен себептерін тексерудің дер кезінде жүргізілуі мен сапасы үшін;

Мемэнергияқадағалаудың инспекторлық құрамының кәсіби даярлығы үшін;

Мемэнергияқадағалаудың құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде енгізілетін ұсыныстар мен берілетін нұсқаулар мен ұйғарымнамалардың негізділігі мен сапасы үшін ;

берілген құқықтардың негізді және дұрыс пайдаланылуы үшін жауап береді.

10. Мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың іс-әрекеті жайында жоғары лауазымдағы адамдарға он күн мерзімі ішінде шағым жасалына алады. Шағым беру шағымдалған шешімнің (нұсқаудың , ұйғарымнаманың) орындалу қажеттілігін тоқтата алмайды.

Ү. Басқаруды ұйымдастыру

11. Мемэнергияқадағалау заңды тұлға болып табылады, оның есеп шоты және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі және Мемлекеттік энергетикалық қадағалау атаулары қазақ және орыс тілдерінде ж а з ы л ғ а н м ө р і б о л а д ы .

12. Мемэнергияқадағалау республикалық басқармадан және энергетикалық бірлестіктердің бұрынғы энергия қадағалау кәсіпорындары, энергия қадағалау басқармасы мен "Қазақстанэнерго" Мемлекеттік электр энергетикасы компаниясының энергиятехинспекциясы негізінде құрылған филиалдар құқығындағы аймақтық басқармалардан тұрады.

13. Мемэнергияқадағалауды және оның аймақтық органдарын ұстау шығындары сметасын Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісу бойынша бекітеді және тұтынушыларға босатылатын электр және жылу энергиясы тарифтерінің құрылымында ескеріледі.

14. Мемэнергияқадағалауды Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің бұйрығымен тағайындалатын бастық басқарады.

Мемэнергияқадағалаудың бастығы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының энергетикалық қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Мемәнергияқадағалау бастығының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің бұйрығымен тағайындалатын екі орынбасары болады, олар лауазымы бойынша энергетикалық қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспектордың орынбасарлары болып т а б ы л а д ы .

Мемәнергияқадағалаудың аймақтық басқармасының бастығы және оның орынбасарлары Мемәнергияқадағалау бастығының бұйрығымен тағайындалады.

Мемәнергияқадағалаудың республикалық басқармасының бас мамандары, аймақтық басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлары болып т а б ы л а д ы .

Мемәнергияқадағалаудың жетекші мамандары, аймақтық басқармалардың бас және жетекші мамандары энергетикалық қадағалау жөніндегі инспекторлар б о л ы п т а б ы л а д ы .

15. Мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың белгіленген үлгі бойынша куәліктері болады.